

Қаржылық жоспарлаумен қаржы жүйесінің дерлік барлық звенолары қамтылады. Сонымен қатар қаржылық жоспарлау әкімшілік-территориялық аймақтардың барлық деңгейлерінде және экономиканың әр түрлі салаларында кәсіпорындар мен мекемелердің шеңберінде жүзеге асырылады.

*Заңдылық қағидасы* қаржылық-құқықтық нормалардың талаптарының қаржылық қызмет үрдісі барысында туындайтын құқықтық қатынастардың субъектілерімен қатаң түрде орындалуы мен сақталуын білдіреді. Аталмыш қағида Қазақстан Республикасы Конституциясынан туындайды. Қаржылық-құқықтық қатынастарды реттейтін нормалардың бұзылуы немесе сақталмауы тиісті құқықтық жауапкершілік шараларының пайда болуына негіз болып табылады. Қаржы құқығының жоғарыда келтірілген салалық қағидалары бюджет құқығы қағидаларының негізін құрайды. Сондықтан да бюджет құқығының қаржы құқығының негізгі саласы екендігін ескере, аталмыш қағидалар жүйесін салалық немесе теоретикалық сипаттағы қағидалары деп тұжырымдау, біздің көзқарасымыз бойынша, орынды әрі негізделген. Осы қарастырылып отырған қағидалар мемлекеттің қаржылық қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамаларының, құқықтық актілерінің қалыптасуында көрініс тапқан және қаржы құқығының институттары мен салаларында қолданысқа ие. Сонымен қатар қаржы құқығының институттары мен салаларына олардың ерекшеліктері көрініс табатын арнайы қағидалар жүйесі де тән. Осы қағидалардың барлығы терең зерттеуді, қаржылық заңнамадағы нақтылықты және жүзеге асырылуы талап етеді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (өзгерістер мен толықтырулармен бірге). — Алматы, 2008.
2. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі // Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы. — № 21. — 2008.
3. *Ровинский Е.А.* Основные вопросы теории советского финансового права. — М., 1960. — С. 21–30.
4. *Мицкевич А.В.* Советское социалистическое право, его основные принципы и система // Советское государство и право. — № 9. — 1975. — С. 128–129.
5. *Явич Л.С.* Право развитого социалистического общества. Сущность и принципы. — М., 1978. — С. 151,152.
6. *Лукашева Е.А.* Принципы социалистического права // Советское государство и право. — 1970. — № 6. — С. 23.
7. *Назарбаев Н.Ә.* Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты: Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. — № 36. — 2008. — 7 ақп.

ӘОЖ 343.98

Н.М.Түсіпов, Р.Н.Шайхаденов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

#### ОТПЕН АТЫЛАТЫН ҚАРУДЫҢ ЖӘНЕ АТУ ІЗДЕРІН ҚАРАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Статья посвящена проблемам криминалистического исследования огнестрельного оружия и следов выстрела. Подвергнуты анализу особенности производства осмотра оружия и следов его применения. Кроме того, раскрыты организационные и тактические аспекты производства осмотра. Авторами даны рекомендации по повышению эффективности процесса раскрытия преступлений, совершенных с применением огнестрельного оружия.*

*Article is devoted to problems of criminological researches of fire-arms and traces of a shot. Are subjected to the analysis of feature of manufacture of survey of the weapon and traces of his application. Besides organizational and tactical aspects of manufacture of survey of fire-arms and traces of his application are opened. At observance of recommendations increase of efficiency of process of disclosing of the crimes accomplished with application of fire-arms will be achieved.*

Біздің елімізде көптеген адам өміріне қауіпті қылмыстар (кісі өлімі, қарақшылық, терроризм т.б.) қаруды қолдану арқылы жасалады. Бұлардың ішінде отпен атылатын қару арқылы жасалған қылмыстар ерекше қауіп туғызатыны белгілі. Сондықтан да отпен атылатын қаруды және одан атылатын оқ-дәрілерді теориялық деңгейде зерттеу өте маңызды. Осыған байланысты біздің жұмыс отпен атылатын қару мен оқ дәрілерді криминалистикалық зерттеуге арналған.

Отпен атылатын қару мен оқ-дәрілерді зерттеу қылмыстарды саралауға және кейбір жағдайларда қылмыс құрамының бар не жоқ екенін анықтауға септігін тигізеді. Сондай-ақ қылмыс құрамының объективті жақтарымен бірге, субъективтік жағын да анықтауға осы отпен атылатын қаруды зерттеу көмектеседі. Мысалы, абайсызда немесе қасақана кісі өлтіру, өзін-өзі өлтіру және бақытсыз жағдайға ұшырау сияқты жағдайларды анықтау. Бұл үшін тергеуші және арнайы мамандар отпен атылатын қару мен оқ-дәрілерді, олардан қалған іздерді жан-жақты қарастыруы қажет. Өйткені атудың нәтижесінде көптеген сырттай көзге көрінетін белгілер қалады: қылмыс болған жерде оқ не болмаса бытыра, аңшылық қарудың гильзасы, оқтың адам денесіндегі, киіміндегі, жиһаздағы іздері және тағы басқа соған ұқсас белгілер. Ал, осылармен қатар, ішкі белгілерге қарудың ұңғысындағы қалатын іздерді жатқызуға болады. Сонымен, отпен атылатын қару дегеніміз оқ-дәрі, газдың әсерінен снарядты ататын қару болып табылады. Оның мынадай негізгі белгілерін көрсетуге болады: а) отпен атылатындығы; ә) зақым келтіру үшін арнайы жасалғандығы; б) өлтіру күші; в) мықтылығы [1].

Отпен атылатын қару мен ату іздерін анықтау және алу әр түрлі шараларды қолдану мен тергеу әрекеттерін (мысалы, алу, тінту кезінде, олардың сәтті болуына қылмыскердің қару-жарақ және оқ-дәрілерінің жалтару тәсілдерін білуден байланысты болуы мүмкін) жүргізу кезінде орын алады. Дегенмен, атылған қарудың қолданылғандығының дәлелдемесін анықтау бойынша негізгі тергеу әрекеті болып оқиға болған жерді қарау болып саналады. Осындай қарауды өткізу соттық баллистика саласындағы маманның қатысуымен өткізілгені жөн. Оқиға болған жерге шықпас бұрын қару-жарақтың ұрлануын алдын ала және оны қорғау бойынша шаралар қолданылуы тиіс. Егер қарауға ашық жер жатқызылса, онда хаттамада ауа райы жағдайлары туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс, мысалы, дымқылдылық, жаңбыр, температура, жел, оның күші, бағыты. Оқиға болған жерді қарау барысында келесі сұрақтарды шешу үшін мәліметтерді анықтауға тырысу қажет:

- а) атылатын қару шынымен де қолданылды ма;
- ә) қандай қару және оқ-дәрілері қолданылды;
- б) қандай объектілерде атудың іздері қалды;
- в) атудың бағыты мен арақашықтығы;
- г) атқан адамның мүмкін болатын мекен-жайы;
- д) өзін-өзі өлтіру фактісі орын алып отыр ма;
- е) ату қандай жағдайларда болды, ол қарудың түсіп қалу не ұрынудың (төмен түсіру ілмегіне баспай, шыққан ату) нәтижесі болған жоқ па.

Атылатын қаруды анықтау кезінде оны, ең алдымен, масштабтық сызғышпен детальдік және тораптық фотоға түсіреді. Фотосуретте қарудың түрі мен оны анықтаудың орны ғана емес, сондай-ақ оның тапанша, шүріппе, ысырма және т.б. жекелеген бөлшектерінің жағдайы да рәсімделуі тиіс. Дәл осы жерде барлық қоршаған заттардың, еденнің және грунттың үстіңгі қабаты қарумен ұру немесе оның түсуінің іздерін анықтау мақсатында қарау керек. Дәл осы мақсатпен қарудың шығыңқы детальдары да қарастырылады. Осыдан кейін қарудан сол мекен-жайдағы екі тұрақты бағыт пен мәйіттің қолдарына дейінгі қашықтық анықталады.

Қаруды қараған кезде қауіпсіздік шараларын ескеру қажет: төмен түсіру ілмегіне баспау, қарудың дінгегін жоғары қарай ұстап тексеру, қолдан түсіріп алмау. Қаруды саусақ іздерінің қалдырылуының аз мүмкіндігі бар жерлерден ұстап, қолына резеңке саусақты қолғап киіп тексереді. Қарудың дінгегіне қандай да бір заттарды енгізу не кіргізуге тыйым салынады. Сонымен қатар ауыз тесігінен де ұстауға болмайды, өйткені онда қан қалуы мүмкін [2; 142].

Қаруды қарау үшін оны таза қағаздың үстіне қояды. Хаттамада қандай да бір бөтен объектілердің, мысалы, саусақ іздері, шаш, қан іздерінің, орналасқан жері туралы мәлімет енгізіледі. Солардың ішіндегі тергеу үшін маңызы бар және жоғалып қалуы мүмкін заттар алынып, арнайы сыйымдылық не пакеттерге салынады. Қарудан магазин (ондағы патрондар саны мен олардың маркалық белгі не атаулары рәсімделеді) және патронниктен оқ алынады.

Аңшылыққа арналған қарудан дінгек алынады. Осы ереже бойынша револьвердің жағдайы ерекше: оның каморлары атылған гильзалардан да, патрондардан да босатылмайды. Маркалық атау немесе белгілері бойынша камера не болмаса патронның қайсысы дінгекке қарсы орналасқаны рәсімделініп, гильзалар және патрондардың кезектілікпен орналасуы туралы мағлұмат хаттамаға енгізіледі.

Кейіннен қарудың маркалық атаулары мен құрылымдылық ерекшеліктері анықталады. Қарудың дінгегін, әсіресе аңшылыққа арналған қаруды тазалау әрқашан да өз-өзін ақтамайды, өйткені тергеуші бастапқы кездерде сараптама алдына қандай сұрақтарды қою керек болатынын әлі білмейді.

Тазалаудан кейін соңғы ату өткізген снарядтың түрін анықтау мүмкіндігі жойылады. Атудың ескеруі туралы сұрақты шешу керек болған кезде де қаруды тазалау қажет етілмейді.

Аталған және өзге де сұрақтардың шешілуі үшін қарудың дінгектері жабысқақ таспамен бекітілген қағаз қалпақшаларымен жабылуы керек. Атудың ескеруін зерттеу үшін қару жедел түрде жеткізілуі қажет, өйткені бұл сұрақтың сәтті шешілуі тек алғашқы бес тәулікте ғана қамтамасыз етіледі.

Егер дінгекті тазарту жағдайлары талап етілсе, онда ол қарудың ілеспелі бөлшектерін қарағаннан кейін тазалайды. Дінгектің каналдары бөлек қойылатын дәкелік тампондарымен үш ретке дейін сүртіледі. Осыдан кейін дінгектің каналы нейтралды маймен жағылады.

Мәйіттегі атылған зақымдарды қарау барысында қолданылған қарудың моделі, патрондардың түрі, атудың ара қашықтығы мен бағыты туралы мәліметтер анықталуы мүмкін. Нақты оқиғаның сәтті тергеуінен ату өткізілген жағдайлардың объективті анықталуы байланысты болады. Қараудың хаттамасында дененің қай бөлшегіне ату сай келді, киімнің қандай заттары және жоғарыдан бастап қандай кезектілікпен атылғандарға ұқсайтын зақымдардың бар екені рәсімделеді. Сонымен қатар ату зақымы бар салада киім түймеге салынды ма, киім денеде тығыз отырды ма, қандай ластану байқалғанын ескертіп өту қажет [3].

Қарау кезінде оқ-дәрілік түйіршіктері мен атудың құрымкүйесін анықтау үшін лупа мен электронды-оптикалық қайта қалыптастырушының (ЭОҚК) көмегіне жүгіну қажет. Киім және денедегі заттарда зақымдардың орналасуы, олардың формалары, мөлшері, шеттердің жағдайлары, атудың өнімді бөліп орналастыратын зоналары (олардың зақым, форма, мөлшерге қатысты орналасуы) сияқты заттар туралы мағлұматтар бекітіледі.

Бастапқы тосқауылда оқ-дәрі және құрымкүйенің түйіршіктерінің анықталу фактісі атудың жақын арақашықтығы туралы куәландырса, оқ-дәрілік түйіршіктерінің түрлері, құрымкүйенің бөлінген жерлерінің ерекше топографиясы қарудың моделі туралы куәландырады. Жасалынған атудың бағыты туралы сүрленуінің аса интенсивті учаскелерінің орналасуы орны немесе оқ-дәрілік түйіршіктерінің бөлініп шыққан жерлері бойынша, сондай-ақ қажалудың аса интенсивті және кең учаскесін іздеу, оқтың тайғану іздерінің бар болуы бойынша есептеуге болады.

Оқтың саңылауларын мұқият қарау керек. Саңылаудың шеттеріндегі ұлпа жіптерінің барлық шеттерінің бірыңғай ұзындығы қару дінгегінің перпендикулярлы түрде орналасуының белгісі болып саналады, кіру жағында орналасқан бұрышының астындағы ату кезінде оқтар ұлпа жіптерінің шеттері қысқа әрі түзу екенін көрсетсе, қарама-қарсы жақта олардың тым ұзын, түзу емес шеттері, сондай-ақ ұлпаның бүлінуі байқалынады [4].

Аналогиялы белгілерді адамның терісінде де байқауға болады. Егер кіру саңылауы дененің ашық жерінде орналасса, онда мәйіттің киімін шешпей, кіру саңылауынан ату жағынан басталатын жерден, киімнің шегіне дейін қашықтықты өлшеу қажет. Бұл арақашықтық туралы сұрақты шешу үшін атудың қалатын өнімдерінің зона көрсеткіштерін объективті түрде қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар дене, киім және мәйіттің жанындағы қан іздерінің сипатына көңіл аудару қажет. Бұдан ату кезіндегі адам денесінің жағдайларын, сондай-ақ оның белгілі бір жағдайдағы салыстырмалы түрдегі болу уақытын анықтауға болады. Жақын қашықтықтағы белгілердің бар болуы, сондай-ақ мәйіттің жанында қарудың не болмаса шүріппесінің төмен түсіруіне басатын заттардың анықталуы орын алғанда қолдың білезігіне шаю өткізілуі тиіс. Ол үшін спирт не болмаса азот қышқылының жеті пайыздық ерітіндісіне суланған, бірдей мөлшердегі үш мақталық тампон алынады. Екі тампонмен өлген адамдардың қолдары сүртіледі, ал үшіншісі бақылау үшін таза болып қалады. Барлық тампондар бөлек-бөлек сәйкес жазбалармен таза ыдыстарға салынады. Лабораториялық жағдайда осы тампондардың зерттелуі өлген адамдардың өзін-өзі атқандағы туралы фактіні анықтауға (немесе теріске шығаруға) көмектеседі. Мәйітті шешіндіру үшін жазық, түзу жерге ақ мата не клеенка төселіну керек. Көп жағдайда оқ адамның денесін тесіп өткен соң, киімнің астында қалып қояды, сондықтан оны дұрыстап қарап шығу керек, бірақ ату іздерінің суретін өзгертпеу үшін, ешқандай жағдайларда оны сілкіуге болмайды.

Атылған оқ қаруынан келтірілген зақымы бар жерді сыртынан және ішінен 20 немесе 25 см мөлшеріндегі таза ақ матамен, ал кішкентай бұрыштағы ату кезінде матаны дененің сыртқы жағында ғана орап алу керек. Мысалы, пистолеттен 30 см қашықтықтағы және 15 градус бұрышындағы ату кезінде құрымкүйе зонасы оқтық саңылауының басынан бастап 24–27 см қашықтықта анықталады.

Бұрыш астындағы атыс кезінде зақым атипті формасынан (өткір затпен келтірілген зақымға ұқсас) ие болады.

Оқтан ойылып кеткен жерлердің морфологиялық сипаты белгілі бір түрде шекаралық материалдардың сапалық күйі мен құрылымына байланысты болып келеді. Көптеген объектілер үшін кіретін атылған зақымдар ішіне қарай тартылған тегіс шеттері мен қажалудың болуымен сипатталады.

Шығу саңылаулары көбінесе мөлшері бойынша үлкен болып келеді, ал шеттері түзу емес, сыртқа қарай шығып тұрады. Егер оқ тосқауылмен кездескенде деформацияға ілікпесе, онда оқтық каналдар бүкіл ұзындығы бойынша әдеттегідей, бірдей диаметрлі болып келеді. Тек әйнек және сол тәрізді материалдардағы зақымдар ғана ерекше сипатқа ие болады, өйткені олар конус тәрізді формада, сондай-ақ саңылауының жан-жағында радиалды және концентрикалық (доғалық) жарықтары болады. Әйнектің сынық бөлшектерінің ішкі үстіңгі қабаты трастардың жиналып қалған күйіндегі ирек бедер түріне ие болады. Бұл трастар радиалды жарықтарда оқтың ұшқан бағытына қарай, ал концентрикалықты керісінше кеңейтеді. Әйнектегі саңылаулар мөлшерлері оқтағы калибрдан көп [1].

Жақын қашықтықтағы ату кезінде және бұрыштың астында әйнектің үлкен зақымдары байқалынады. Әйнектің сынық бөлшектері, сондай-ақ басқа да материалдардың жарықтары атуға қарама-қарсы тұрған жаққа түседі. Әйнектің конфигурациясын есепке алып, құрастырылатын әйнек жарықтарын транспортировкадан өткізу үшін, оны ақ қағаз не мөлдір пленкаға жабыстыруға болады. Атылған жақтан әйнектегі құрымкүйені анықтауға болады, ал оны зерттеудің нәтижесінде атудың қашықтығын анықтауға болады. Әйнектің ірі бұзылуы кезінде оқтың саңылауының ортасы радиалды линиялардың жалғасу жолымен анықталады, ал олардың қиылысу нүктесі ізделіп отырған орталығын көрсете алады.

Бытырадағы оқтан келтірілген зақымның формасына ылғалдылық дәрежесі әсер тигізеді, ал оның ұлғаюы оқ тиген жердің қысқаруына әкеледі. Шығу саңылауларының саласындағы бытырада оқтың шығатын жағында жаңқаланған жерлер байқалынады.

Оқиға болған жерді қарау хаттамасына тек фактілік мәліметтер ғана енгізіледі. Ең алдымен, атылған зат толығымен сипатталады, оның қай жағында зақым орналасқандығы көрсетіледі. Зақымның орналасу жері грунтқа және заттың басқа да тұрақты екі бөлшегіне қатысты орнықтырылады. Егер зақым жалғыз болмаса, онда олардың арасындағы қашықтық та көрсетіледі. Мүмкіндігінше визуалды түрде, өлшеу жолымен және бұзбайтын басқа да әдістерімен қалыптастырылатын, зақымның пайда болу және қалыптасу механизмінің белгілері де сипатталады. Өлшемнің нақтылығын талап етуіне байланысты рулетка, сызғыш және штангенциркуль қолданылады. Атылған оқ зақымдары ең алдымен толық, ал содан кейін саңылаудың өзі өлшенеді, сонымен қатар қажалу нүктесі сыртқы диаметр бойынша өлшенуі керек.

Дөңгелек формадағы оқ зақымдары диаметр бойынша өлшенсе, шаршы не тікбұрышты тәрізді формадағылар қабырғалардың ұзындығы, сопақ екі білігінің ұзындығы бойынша өлшенеді. Бытыралы білік екі түрде өлшенеді: ыдыраудың жалпы ауданы және орталықтағы алыс жерге ұшып кеткен бытыраларынсыз, демек екі біліктің ұзындығы не диаметрі бойынша өлшенеді.

Затта толық емес білік анықталған кезде негізгі көрсеткіш болып ыдыраудың тығыздығы, яғни бір сантиметрге деген бытыралардың саны, табылады. Біліктің тығыздығын калька және ұшталынған сіріңке арқылы анықтауға болады. Кальканы миллиметрлік қағазға орнатқан кезде тиюдің ауданы мен саны оңай анықталады. Енбейтін атылған зақымдардың түрлері болып тайғану іздері немесе жапырылған жер түріндегі рикошет іздері саналады. Іздің аса тар және тегіс жері оқтың қай жақтан ұшқанын көрсетеді. Оқиға болған жерде атылған зақымдарды зерттеу атудың жағдайлары бойынша болжамдаудың туындауы мен басқа да заттық дәлелдемелерді айқындау үшін қажетті қадам жасауға мүмкіндік береді [2; 132].

Қарудың моделі туралы мәліметтерді іздеуде негізгі зақымның сипаты (оқтан ойылып кеткен жер, бытыраның қалдықтары), оның мөлшері, оқ-дәрілік түйіршіктерінің формасы, құрымкүйенің қалыптасу топографиясы және, мүмкін болса, «штанцмарканың» формасына көңіл аудару қажет. Атудың қашықтығы туралы айқыш тәрізді бөліністердің бар не жоқ болуы, зақымның мөлшері, сондай-ақ атудың сәйкес өнімдерінің бар не жоқ болуы туралы анықтауға болады. Атудың өнімдері жақын емес қашықтықтан ату кезінде де анықталуы мүмкін екенін де ескеру қажет. Ол кезде оқ бір тосқауылды бұзып, екінші зақымданатын тосқауылда қалыптастырылатын өнімдердің кейбір мөлшерін өзімен бірге алып кетеді. Оны «Виноградов феномені» деп атайды. Демек, ең алдымен, тосқауыл бірінші болып тұр ма дегенді анықтау қажет. Атудың бағыты ұлпадағы зақым, бұзылған каналдар, кіру және шығу нүктелерін біріктіретін линия бойынша анықталады.

Белгіленген бағыт арқылы, егер ату онша алыс емес қашықтықтан жасалынса, атқан адамның тұрған жерін де білуге болады. Бағытты анықтау үшін арнайы құралдар қолданылуы мүмкін (мысалы, теодолит). Аса қарапайым тәсілдер — ағаш, пластмасса тетіктері арқылы зондпен тексеру немесе қағаз түтікшелері арқылы бақылау жүргізу.

Снарядтардың заттық дәлелдеме ретіндегі маңызы үлкен. Оқиға болған жерде ең алдымен, барлығы қанша ату болғанын анықтап, барлық снарядтарды іздеу керек. Өте шыққан және сүйкелінген зақым кезінде снарядтарды іздеу осы объектілерді зерттеуде қалыптасатын бағытта басталады. Осы жолдағы барлық заттар, грунт, қар және т.с.с. мұқият қаралуы тиіс.

Егер алдын ала зерттеу мен снарядтың түрі туралы нақты мәліметтер қалыптастырылмаса, онда қандай формада болмасын металдың барлық бөлшектеріне көңіл аудару қажет. Снаряд қайта қалыптастырылуы мүмкін. Оқ қабықшасының бөлшектері денеде қалып, не жанына түсуі мүмкін, ал өзегі бірнеше қашықтықта ұшуы мүмкін. Оқтар рикошеттеуі (ол дегеніміз — оқтың тиген жерден екпінімен ырғып ұшуы) мүмкін, онда оларды іздеу бағыты бұрыштың астында өзгертілуі тиіс, салыстырмалы түрде алғанда оқ тосқауылмен кездесуге бұрышқа тең болу керек. Соқыр зақым кезінде, егер зат толық алына алмаса, онда заттың снарядпен бірге бөлігін кесуге жүгінеді. Алынатын учаскенің мөлшері ату өнімдерінің бөлініп кеткен жеріндегі зоналардың мөлшерімен анықталады. Дегенмен, бұдан бұрын оқ саңылауы өзегінің бекітілуін оның қалпына келтіру мақсатында жүргізгені жөн. Алынатын тосқауылдың бөлшегінде сыртқы және ішкі үстіртті қабат, сондай-ақ жоғары және төменгі жақтары көрінеді. Осы әрекеттерді орындау барысында ату іздеріне заттар мен снарядтағы ату іздеріне зақым келтірмеуі қажет.

Әсіресе қорғасын снарядтарымен абайлап жұмыс жасау керек. Осы жерде бытырамен атқан кезде мәйіттен барлық бытыралар алынуы керек екенін ескеру қажет. Бұған идентификациялық міндеттерді шешу кезінде маңызды болатын ақпараттың көлемі байланысты болады.

Снарядтарды іздеу металл іздеуші, портативті рентгендік құрылым құралдарының көмегімен сәтті жүргізіледі. Оқтарды тапқан сайын, оларға оқиға болған жерде және тысындағы сызбасында белгіленетін нөмірі беріледі. Бөтен, мүмкін оқта, қалған бөлшектердің (қан, талшық, оқ-дәрілік түйіршіктері) де сақталуын қамтамасыз ету қажет. Бұл объектілер атудың кейбір жағдайларына түсінік бере алады. Оқты қарау хаттамасында мыналар көрсетіледі: формасы, құрылымдық ерекшеліктер — қабықшалы, жартылай қабықшалы және қабықшалы емес; аяқ бөлігінің, науаның болуы, түбінің сипаты; металдың түсі; өлшемі — ұзындығы, диаметрі; гильзада оқтың бекітілу тәсілдері — кернеу, сегментті не дөңгелек қысым; маркілік белгіленуі — басты не түпкі бөлігінің саны, әріп түріндегі белгіленуі немесе арнайы түске боялуы; деформацияның болуы және оның сипаты; іздер — діңгек каналаның ізі (кесілу жолдары іздерінің болуы, олардың саны және бағыты, ені, кескінді көрінісі, иілу бұрышы, оқтың сұрленуі және т.б.) [5].

Анықталған оқтар бөлек рәсімделеді. Мәйіттен алынып шыққан бытыралы зарядты кептіреді (немесе жуады) де, екі қабаттағы мақтаның арасына салынады. Хаттамалық жазбада бытыралардың саны, олардың формасы, диаметрі, сонымен қатар олардағы іздердің сипаты көрсетіледі. Аңшылыққа арналған оқтармен атқан кезде тығындар және төсеулер анықталуы мүмкін. Оларды анықтаған жерінен басқа, хаттамада объектінің материалы, формасы мен өлшемі, маркілік белгілеуі, олардағы ату іздері туралы мәліметтер көрсетіледі. Егер қолдан жасалынған тығындар қағаз, мата кесектері түрінде анықталса, оларды қағаз бетінің үстінен ашып қарау керек, бұдан оның сипатты ерекшеліктері білуге болады және олар да хаттамаға енгізіледі. Киіздік тығындарда іздерін анықтау мақсатында қабырғалардың үстіртін мұқият қарау қажет. Соңғысының болғаны кезінде тексерілетін адамдардан құралдарды іздеу ұйымдастырылуы тиіс [6].

Атылған гильзаның анықталу жері туралы сұрақты шешу белгілі бір дәрежеде қолданылған қарудың түріне байланысты болып келеді. Аңшылық қаруының көптеген модельдерінен гильзалар автоматты түрде алынып кетпейді, сондықтан олардың табылған жері атудың өткізілген жерінің көрсеткіші болып табылмайды.

Дәл осындай жағдай револьверлерді қолдану кезінде де қалыптасады. Бірақ жекелеген жағдайларда гильза автоматты тапаншалардан да шықпауы мүмкін. Бұның себептерінің бірі — тапаншаны ату уақытында қолмен басып алу, нәтижесінде гильза бекітуші тетігінің қабы терезесінде қысылады. Автоматты қарудың гильзаларын іздеу бағытының анықталуы үшін шығыс көрсеткіші болып снарядтың тосқауылмен кездесу бұрышы, атудың қашықтығы және қарудың моделі туралы мәліметтер рөл атқарады, өйткені әр түрлі қарудан гильзалар түрліше шығады.

Егер атудың салыстырмалы түрдегі жақын қашықтық туралы мәлімет анықталса, онда атқан адамдардың іздерін (аяқ киім іздері, темекі қалдығы және т.с.с.) іздегені жөн. Осыдан кейін оларға

негізделе отырып, гильзаларды іздеу учаскесін белгілеу керек. Ұшып келе жатқан гильза қандай да бір затпен кездескен кезде рикошеттеуі мүмкін, яғни бағытын өзгертуі мүмкін екенін есте сақтаған қажет. Осы жерде металл іздеушіні, ал қажетті жағдайда грунтты шаю, қарды ерітуді қолданғаны жөн. Бұл операциялар қатаң түрде белгіленген учаскелер бойынша жүргізіледі [7].

Әрине, кері тәртіп та орын алуы мүмкін — алдымен гильза, одан кейін, қарудың моделі мен атылған заттың орналасу жерін есепке алғанда, атқан адамдардың тұрған жерін да анықтауға болады. Гильзаларды анықтау жері кезектілікпен нөмірмен белгіленіп, бұл көрсеткіштер хаттама мен сызбаға енгізіледі. Гильзалар масштабты фотоға түсіру әдісімен жүзеге асырылады. Гильзаларда саусақ іздерін анықтау мүмкіндігін де ескеру қажет, сондықтан қарау үшін гильзаны мылтықтың кішкентай аузы шетінен және түп бөлігінен ұстау қажет.

Гильзаның қуысына қандай да бір затты, мысалы, қағазды салғаны дұрыс емес, өйткені атудың газ тәрізді өнімдерінің бөлігі ығыстырылып (бұл атудың ескіргендігі туралы сұрақты шешуге қарсылық жасайды), снарядтың түрі анықталуы мүмкін болатын гильзаның ішкі үстіртіндегі снаряд іздерін бұзуы мүмкін, негізінен ол аңшылық патронның қағаз гильзаларына қатысты болып келеді, өйткені олар бір рет қана қолданылуы мүмкін. Атудың ескіруі туралы сұрақты шешу үшін мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін, егер гильза сарапшыға алты сағат ішінде жеткізіле алмаса, онда газ тәрізді өнімдердің күйін сақтау бойынша келесі тәсілдердің біреуін қолдану керек. Атылған гильзаның анықталу жері туралы сұрақты шешу белгілі бір дәрежеде қолданылған қарудың түріне байланысты болып келеді. Аңшылық қаруының көптеген модельдерінен гильзалар автоматты түрде алынып кетпейді, сондықтан олардың табылған жері атудың өткізілген жерінің көрсеткіші болып табылмайды [8].

Осы өнімдердің күйін азоттың оксидіне сезімтал болып келетін толықтырғышы бар индикаторлы түтік және аспиратордың көмегімен рәсімдеу. Ол үшін түтіктің екі шетін сындырып, біреуі гильзаға, ал екіншісі (тілімен) аспираторға қосылады. Ауаның сіңуі он бес минутқа созылады, уақыт аяқталғаннан кейін түтік не сызғыштағы шкала бойынша фильтрдің бояу деңгейі көрінеді.

Газ тәрізді өнімдердің консервациясы. Ол үшін резеңкелі оймаққа алдын ала орналасқан, гильзаның бос шетін қатты байлап, жеті сағатқа тоңазытқыштың мұзды камерасына орналастырады. Гильзаның транспортировкасын кез келген мұздың бөлшектерімен толтырылған термоста жүзеге асырады. Гильза ашылмайды, ал термос одан бұрын үш сағат мұзды камерасында тұрады. Осындай жағдайда ату өнімінің сақталуы жиырма төрт сағат ішінде кепілденеді. Гильзаларды қарау хаттамасында келесі мәліметтер келтіріледі:

- А) формасы — цилиндрлі, бөтелкелі, коника тәрізді;
- Б) түп бөлігінің құрылымдық ерекшеліктері — фланецтік, фланцелік емес, сақиналы тесік не онсыз, орталық бойдың, қабырғалы бойдың капсюлясінің астында;
- В) материал түсі;
- Г) өлшемдері — мылтықтың кішкентай аузы (ішкі) және фланецтің диаметрі, ұзындығы;
- Д) маркілік белгілері;
- Е) оқтың бекітілу тәсілі;
- Ж) ату, зарядтау, ырғытудың іздері;
- З) деформацияның сипаты.

Қорыта айтқанда қаруды зерттеу арқылы біз атылған снаряд (оқ, бытыра, картель) нақты осы қарудан атылған ба, жоқ па дегенді біле аламыз. Сонымен қатар, жоғарыда көрсетіліп кеткендей, отпен атылатын қаруды қылмыс болған жерден таба алмаған жағдайда оны басқа да бөлшектер арқылы зерттеуге болады. Соның бірі — отпен атылатын қаруды оқ, яғни атылған оқ, арқылы зерттеу. Осыған сәйкес жұмысты зерттей келіп мынадай қорытындыға келеміз. Отпен атылатын қаруды және оқ дәрілерді криминалистикада соттық баллистика деген ғылым зерттейді. Отпен атылатын қару басынан бастап тірі нысаналарды зақымдау үшін арналған. Оны адам өлтіру, қарақшылық, бұзақылық және т.с.с. аса ауыр қылмыстарды жасау барысында қолданады. Осы қылмыстардың кез келген түрін тергеу үшін криминалистикалық баллистика деп аталынатын криминалистикалық техниканың бір саласының мазмұнын құрайтын элементтерді білу талап етіледі.

#### Әдебиеттер тізімі

1. *Исаенко В.Н.* О практике раскрытия и расследования убийств с применением огнестрельного оружия // Прокурорская и следственная практика. — № 3, 4. — 2001.
2. *Гинзбург А.Я.* Осмотр места происшествия // Освидетельствование. — Алматы, 1998.

3. *Корецкий Д.А.* Криминальная армалогия: понятие и содержание // Правоведение. — № 3. — 2002.
4. *Германов В.В.* Некоторые проблемы криминалистической экспертизы боеприпасов в современном уголовном судопроизводстве // Российский следователь. — № 4. — 2000.
5. *Филатова Е.Г.* Уголовно-правовая, криминологическая и криминалистическая характеристика преступлений, совершаемых с использованием огнестрельного оружия и взрывных устройств. — М.: Юрист, 1995. — С. 254.
6. *Блюн М.И.* Охотничье ружье. — М.: Госюриздат, 1987. — С. 62.
7. *Сарсеков Б.* Оружие: Правовые вопросы. — Алматы: Баспа, 1999. — С. 192.
8. *Сейдинова М.А.* Огнестрельное оружие и экспертизы, назначаемые при огнестрельных повреждениях // Формирование правовых систем России и Казахстана. — 2003. — С. 166–169.

УДК 343

М.А.Ибраев

Карагандинский областной суд

### ОСОБЕННОСТИ ПРОИЗВОДСТВА ОТДЕЛЬНЫХ СЛЕДСТВЕННЫХ ДЕЙСТВИЙ ПО ДЕЛАМ О НЕНАДЛЕЖАЩЕМ ВЫПОЛНЕНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ОБЯЗАННОСТЕЙ МЕДИЦИНСКИМ РАБОТНИКОМ

*Мақала медицина қызметкерінің кәсіби міндеттерін тиісінше атқармауы туралы қылмыстық істерді тергеу барысындағы кейбір тергеу әрекеттерінің өндіріс ерекшеліктеріне арналған. Автор қазіргі кездегі ғылыми көзқарастар мен қолданыстағы сот және тергеу практикасын талдай отырып, тергеу әрекеттері өндірісінің нақты тергеу жағдайларына байланысты алгоритмін анықтауға тырысқан.*

*The article dedicated to particularities of production some investigational actions in inquisition of crimes about incorrect caring out of professional duties by medical employer. By analyzing the contemporary scientific points of view, acting judge and investigational practice, the author attempted to define the algorithm of production the investigational actions which subordinated from concrete investigational situations of inquisition.*

Анализ уголовных дел о ненадлежащем выполнении профессиональных обязанностей медицинским работником показал, что наиболее распространенными (типичными) следственными действиями являются осмотр, назначение и производство экспертизы, освидетельствование, получение образцов для экспертного исследования, эксгумация, допрос и очная ставка. При этом каждое из перечисленных действий имеет свои специфические особенности, свойственные частной криминалистической методике расследования рассматриваемой категории уголовных дел. В основном это проявляется в необходимости привлечения к производству следственных действий специалистов, сведущих в области применения медицины, непреднамеренным характером преступления и особенностями личности преступника (медицинского работника). Это, в свою очередь, обуславливает необходимость соответствующей специализации следственных работников, в чье производство направляются дела указанной категории. Между тем опрос респондентов и анализ уголовных дел показали, что принцип специализации не всегда соблюдается, и уголовные дела поручаются любому следователю, в зависимости от имеющейся нагрузки, в том числе и не имеющим необходимого стажа работы в должности. Этим в какой-то мере и объясняется большой процент отказа в возбуждении уголовного дела на первоначальном этапе расследования. На наш взгляд, создавшуюся ситуацию можно исправить, ежеквартально обучая специализирующихся на расследовании указанной категории дел следователей на курсах повышения квалификации, путем ознакомления их с разработанными рекомендациями или инструкциями, анализируя и обобщая практический опыт расследования дел указанной категории, осуществляя действенный контроль со стороны руководителей подразделений или соответствующих ведомств.

Как показывает практика, по каждому факту наступления летального исхода в медицинской практике в обязательном порядке проводится следственный осмотр. Это неотложное следственное действие, направленное на установление, исследование и фиксацию обстановки места происшествия, следов преступления и иных фактических данных, позволяющих в совокупности с другими доказа-